

## КЕМЕЛ ТОҚАЕВТЫҢ ЖОЛ-САПАР ОЧЕРКТЕРІ МЕН ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ МАҚАЛАЛАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ, ПРОБЛЕМАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Досыбекова Қымбат Балғабайқызы  
[db.kymbat@gmail.com](mailto:db.kymbat@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Журналистика және саясаттану факультеті  
Журналистика мамандығының 1 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Г.Ш. Әшірбекова

Қазақ әдебиетінде детектив жанрының ізашары ретінде өз орнын ойып тұрып алған көрнекті қаламгер Кемел Тоқаевтың шығармашылығы алуан арналы. Біз бұл мақалада жазушының өмір жолына қысқаша шолу жасап, оның журналистік қызметіндегі жолсапар очерктері мен публицистикалық мақалаларына тоқталуды мақсат еттік.

Кемел Тоқаев буыны бекіп, бұғанасы қатпаған бала кезінен-ақ бар ауыртпашылықты басынан өткереді. Ұлт басына қара бұлттай үйірілген ұжымдастыру, халқымызды қынадай қырған сұрқай саясат әкесі Тоқаның отбасын тау асырып, ағалы-інілі Қасым мен Кемелді ата-анасынан айырып, тұл жетім атандырады. Ашаршылықтың ащы дәмін, жетімдіктің зардабын тартып ер жеткен оның жалындаған жастық шағын да соғыс өрті шарпиды. Арқа сүйер ағасы Қасымның қан майданға аттанып, ерлікпен қаза тапқаны жайында қара қағаздың келуі бала Кемелді бір сәтте есеңгіретіп әрі есейтіп жіберген еді. Көзін ашқалы тағдырынан теперіш, өмірінен өгейлік көрген өрімдей бозбала жалғыз тірегінен айрылған соң өз еркімен соғысқа аттанады. Он сегізден жаңа асқан уағында от пен оқтың ортасынан бір-ақ шығып, Сталинград майданында ажалмен ашық айқасады. Аспаннан бұршақтай бораған бомбалар, ысқыра соққан снарядтардан табан астында баудай қырылып, таудай үйілген өліктерді көргенде, жас жауынгердің ертеңіне деген сеніміне селкеу түсіргендей болады. Қанды қырғындағы үш ай ішінде жау оғынан ауыр жараланып, әскери госпитальге жатқызылады. Беті бері қараған соң Бірінші Украина, Екінші Беларусь майдандарының алғы шебінде жағадан алған фашистермен жан аямай күреседі. Отаны үшін от кешкен Кемел Тоқаев ерен ерлігі үшін I және II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, «Ерлігі үшін» және «Сталинградты қорғағаны үшін» медальдарымен марапатталады.

Майданнан кейін мамыражай ғұмыр кешу маңдайына жазылған жас Кемел білімнің қара шаңырағы атанған С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түседі. Студент кезінен-ақ баспасөзде тілшілік жұмыс жасап, кейін еліміздің ең беделді басылымдары – «Лениншіл жас» (1949-1953 жж.), «Қазақстан пионері» (1953-1956 жж.), «Социалистік Қазақстан» (1956-1960 жж.) газеттерінде жемісті еңбек етеді. 1960-1977 жылдар аралығында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің «Жаршысында» Бас редактор, ал 1980-1984 жылдары Қазақстан Жазушылар одағында Әдеби кеңесші болып қызмет істейді. Білімділігі мен біліктілігінің, тиянақтылығы мен табандылығының арқасында басшылық қызметтерге көтеріледі. Мақаланың майын тамызар майдангер жазушы сондай-ақ көркем әдебиетте де кәсіле жазып, қаламынан көп дүниелер тудырды. Өмірден көрген-түйгені мол оның жазғандары оқырман жүрегіне жылы жол таба білді. Шынайылыққа құрылған шытырман оқиғалы шығармалары кітаптар дүкенінде шаң басып жатпай, қолдан қолға өтіп, оқырман сұранысымен баспаларда қайта басылып жатты. Жазушы қаламынан туған жауһар шығармалар – «Солдат соғысқа кетті», «Соңғы соққы», «Түнде атылған оқ», «Көмескі із», «Сарғабанда болған оқиға», «Тасқын», «Таңбалы алтын» тағы басқа да кітаптары әдебиет сүйер қауымның сүйікті де сенімді серігіне айналды.

Кемел Тоқаев баспасөзде әр жылдары тілші, редактор, бас редактор қызметтерінде жүріп, газеттің жас ұрпақ пен жалпы оқырманға білім мен еңбекке үндеуші рөл атқарғанын,

қарапайым шаруа адамдарының қажырлы еңбегін, сол кезеңдегі коммунистік партияға деген құрметі мен сенімдерін және әлі де күн тәртібінен түспей келе жатқан термин сөздердің дұрыс жүйеленбеуі, тіл мәртебесінің ақсап тұрғаны тәрізді өзекті мәселелерді мақалаларына арқау етеді. Сондай-ақ ол жазған мақалалардан журналистика жүгінің жеңіл еместігін, журналистке артылар жауапкершілік пен міндеттің күрделілігін, қызығы мен қиыншылығын, шалғай жатқан аймақтардың шаруашылығымен, тыныс-тіршілігімен танысу үшін тілшінің жиі-жиі жол үстінде жүретіндігінен хабардар боламыз.

Кемел Тоқаевтың шығармашылығында шебер қалам тербеген жанрларының бірі – негізінде өмірдің нақты фактісі мен шындығы жататын очерк жанры, соның ішінде – жолсапар очеркі. Академик З. Қабдолов: «Шағын эпостың әңгімеге жақын бір түрі – очерк. Бұл да қысқа көлемді шығарма. Мұнда үлкен шындықтың кішкене бір бөлігі, адам өмірінің аздаған эпизоды нәрлі тілмен, әрлі суреттер арқылы шебер, тартымды бейнеленуге тиіс» [1, 132],- десе, профессор Т. Нұртазин: «Очерк – көркем әдебиеттің бір саласы. Онда шығарма негізі – күнделікті деректі материал, нақты адамдардың әрекеті» [2, 368],- деп, пікірді толықтыра түседі. Жол-сапар очеркінде автор сапар барысында өзі куә болған көріністер мен құбылыстарды, адамдар мен олардың мінез-құлықтарын, іс-әрекеттерін ой елегінен өткізіп, оқиғалар желісін бейнелі тілмен баяндап, оқырманға ұсынады.

Жол-сапар очеркіне автордың **«Жаңа аудан жерінде»**, **«Сапар сәтсіздігі»** мақалаларын жатқызамыз. **«Жаңа аудан жерінде»** очеркі, аты айтып тұрғандай, қазіргі Қызылорда облысы жеріндегі Қызылқұмның қойнауында жаңадан құрылып жатқан Жаңақорған ауданы жайында. Мақала «Аудан аумақты, Сыр бойында тоғыз жүз гектардай жерді алып жатыр, солтүстік-шығысы Қаратауға тіреліп, оңтүстік-батысы Қызылқұммен жалғасып жатыр. Ауданның негізгі кәсібі – мал шаруашылығы әрі күріш егеді. Мұнда екі жүз мыңнан астам қой, мыңдаған жылқы мен түйе бар. Күріш егісінің көлемі де әжептеуір – 2300 гектар» [3],- деп басталып, орта тұсында «Қалила Сыпатаев та жаңа ауданға келген жас мамандардың бірі – ауданның бас дәрігері. Ауданда бес аурухана, туберкулез диспансері бар. Бұларда жоғары білімді 17 дәрігер, 17 фельдшер, орта білімді 60 медицина қызметкері жұмыс істейді» [3],- деп денсаулық сақтау саласына ойысады. Аудан тұрғындарының көктемгі қызу да қарбалас тірлікке белсене кірісуі нәтижесінде жаңа ауданның жоспардан тыс 300 гектар жерден күріш алып, облыс бойынша озық шыққаны, мал төлдету, жүн қырку жұмыстарының сәтті жүргізілгені жазылады. Сонымен қатар, автор ауданға келген жас мамандардың баспаналарының болмай, пәтер жалдап тұруға, кісі есігін сағалауға мәжбүр болуы, мекемелердің арнайы кеңселерінің жоқтығы сияқты кемшіліктердің бар екенін де жасырмайды. Әйтсе де, бұл мәселеге мойымай, жаңа өңірдің өркендеуі жолында зор ықыласпен еңбек еткен, аудан алдына қойылған мақсаттардың бәрін ортақ деп санап, жауапкершілікті жұмыла көтерген тұрғындардың ауызбіршілігі мен жарасымды тіршілігі баян етіледі.

Очеркте сөйлемдер түсінікті де дәл берілген және жинақы, ой түйінделіп отырады. Автордың сөз саптауында көпсөзділік, ұзынсонар суреттеу, бір нәрсені қайталау сияқты оқырманды жалықтырар оғаштылық жоқ, керісінше қай жазғанын оқысаңыз да, бірден қозғалысқа толы оқиға ортасына түсіреді. Сондай-ақ мақаладан аудиторияны жан-жақты ақпаратпен қамтамасыз етіп, қоғамдық пікір қалыптастыратын күшке ие журналистика мамандығының ғылымның барлық саласымен байланысатын қызмет түрі екендігіне тоқталады. Яғни, әлеуметтік, саяси-экономикалық білім, географиялық таным, жер жағдайын жақсы білу, есеп-қисапқа жүйріктік, медицинадан, ауыл шаруашылығы сынды салалалардан хабары болу қабілеттерінің қалам ұстаған журналистің бойынан табылуы тиістігін атап өтеді.

**«Сапар сәтсіздігі»** – Кемел Тоқаевтың жолы тағы да Қызылордаға түскенде туған мақаласы. Ол іссапар барысында «Депутат» деген очерк жазбақшы болады, кейіпкері де бірден табылады. Бас кейіпкер – ғұмырының қырық жылға жуығын қызметке арнап, еңбекке етене араласқан, тұралап қалған шаруашылықты көтергені үшін Ленин орденімен марапатталған Төлеген Дәуітбаев деген депутат. Ойға алған очерк жазылып, газет бетінде

жарық көреді. Бір күні автор газет тігінділерін қарап отырып, өзі жазған депутат туралы тура жыл бұрын ғана жарияланған очеркті көріп, көңілі ортайып қалады. Себебі, айырмашылықтың уақыт аралығында ғана болғаны болмаса, мақала мазмұндас, ұқсас. Ақыры автор араға жарты ай салып, бұл очеркті басқа сарында өрбітуді қолға алады және халық қалаулысын жаңа қырынан ашып, жазып шығады. Алғашқы очеркі туралы ол: «Депутат» деген очерктің не үшін шықпағанын сонда ғана аңғардым. Шын мәнісінде бұл сапар сәтсіздігі емес, ізденудегі із. Очерк әрдайым жақсы жазылмауы да мүмкін. Бірақ мейлің жаз, мейлің жазба, бәрінен де қарапайым адамдар арасында жүріп, еңбектенгенің жақсы екен. Нағыз очерк, суреттеме де сонда туатын тәрізді» [4],- деп қорытындылайды. Яғни, әлдекім не әлдене жайында жазғың келсе де, ұзақ ізденіп, терең үңілуді, жан-жақты зерттеп, оны ойда қорытып қалам тербегенде ғана жазбаның сәтті де сапалы шығатынын алға тартады.

Автор мақала жазудың оңай еместігін осы жазбасында: «Ал журналистің шындап сыналар шағы сапарға шыққанда (командировкаға) болмақ. Мұнда оның қабілетінің молдығы, байқағыштығы, фактіні жинап ала білетіндігі, жазу шеберлігі айқын танылады» [4],- дейді.

Және бұл мақалада: «Партия алға қойған келелі міндеттерді шешуде әрдайым жаршы болған, өмір жаңалығына әрқашан бейім тұратын журналистердің қызметі сан алуан. Оған ғалымды, агрономды, инженерді, қойшыны, милиционерді жазуға тура келеді. Дәрігер мен сауда адамын көрсету үшін түрлі анықтамаларға үңіледі. Жағымсыз алаяқтар қылығы да журналистің қырағы қаламының қырынан жырақ кете алмайды. Ойнақы артистің, мелодияның сазды үні шыңылдап құлағынан кетпейтін композитордың, сом білекті жұмысшының – бар совет адамының игі ісін нанымды көрсету де журналистің міндеті» [4],- деп, журналистке артылар жауапкершіліктің салмағын саралап, түрлі тақырыпта қалам тарту үшін тілшінің үнемі ізденіс үстінде жүруі, жаһандық жаңалықтардан жан-жақты хабардар болуы қажеттігін жазады.

Иә, бұл қатаң талаптар қатары артпаса, азаймады. Бүгінгі күні ақпараттың сәт сайын жаңарып отыруы, жаңа технологиялардың қарқынды даму процесі журналистен де деректі дер кезінде жеткізетін жеделдікті, бәсекеге төтеп бере алатын біліктілікті, сондай-ақ технология тілін жетік білетін әмбебап маман болу міндетін алға қойды. Д. Бэлл, М.Кастельс, М. Маклюэн, З.Бжежинский, Э. Тоффлер сынды зерттеушілердің тұшымды тұжырымдар жасауының, қоғамға «ақпараттық»,- деп ат қойып, айдар тағуының басты себебі – ақпараттың қазіргі күн құндылығына айналуы.

Сондай-ақ бүгінде күрмеуі шешілмей тұрған күрделі проблемалардың бірі – тіліміздегі терминология саласы. Терминология – арнаулы ұғымдарының жүйелік ерекшелігін көрсете отырып, оның коммуникативтік қажеттілігін өтеуге қызмет ететін атаулар жиынтығы [5]. Ғылым мен техниканың, халықаралық қатынастың дамып, мемлекеттердің бір-бірімен мәдени, саяси, экономикалық, әлеуметтік байланысының нығаюы нәтижесінде жаңа ұғымдардың пайда болып, қолданысқа енуі заңды құбылыс. Тілдік қорымыз терминологиялық тұрғыдан жаңа сөздермен толықты деп қуанғанымызбен, мағынасымен сәйкес келмейтін сәтсіз аудармалардың, салғырт баламаның салдары ана тілімізді ала-құла етіп, шұбарлануына әкеліп соғуда. Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «тілді жұмсай білу, сөзден сөз жасап шығару» [6] оңай шаруа емес. Бұл келелі мәселені кезінде Кемел Тоқаев «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрген «**Заң терминдері хақында**» атты мақаласында көтерген екен. Арада жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, аударма сапасының әлі де сын көтермейтініне, көңіл көншітпейтініне куә болып келеміз.

Аталған мақалада автор: «Заң терминдерін қазақ тілінде бір ізге салып, оларды қалыптастырудың зор маңызы бар. Бұл салада біраз жұмыс істелгені мәлім. Алайда заң терминдерін қолдануда елеулі кемшіліктер де жоқ емес. Кейде сөздің заңда қолдануының нақты мәнін білмей, тұспалдап аударушылық бар. Мәселен, сотта іс қазақша жүргізілетін мекемелердің көбінде «решение суда» деген сөздерді «соттың шешімі», «определение» деген сөзді «анықтама» деп алады. Шынында мұндағы «решение» деген сөз қаулы-қарарларда

кездесетін «шешім» емес, «билік» деген мағынаны білдіреді. «Определение» – ұйғарым деген сөз. Сонда «решение суда» тіркесін «соттың билігі» деп алған дұрыс» [7] деген ой айтады. Мұнда автордың жазғанынан аударма жасағанда жалпылай емес, салаларға сай етіп тәржімаласа, термин сөздің табиғаты түсінікті, мәні анағұрлым ашылған болар еді дегісі келгенін аңғарамыз. Аударма жасауда дәлдіктің, ұғынықтылықтың болмауын профессор, белгілі терминтанушы Ш. Құрманбайұлы «Ол – термин жасаушының терминге қойылатын талаптарды білмеуінен, тілді дұрыс пайдалана алмауынан, ұғымдар жүйесінің өзіндік ерекшелігін ескермеуден, тәжірибесіздіктен немесе жауапкершілікті сезінбеуден туындайтын әрекет» [8, 13] деп түсіндіреді. Мәселен, қазіргі таңда «определение» сөзінің аудармасын алып қарайтын болсақ, лингвистикада «анықтауыш», экономикада «анықтау», заң терминологиясында «ұйғарым» делінсе, «решение суда» сөзі «сот билігі, сот шешімі» деп қатар қолданылады екен. Яғни, осыдан аттай елу үш жыл бұрын жасаған Кемел Тоқаевтың ұсынысы кейіннен бекітілген термин ретінде орныққанын көріп отырмыз.

Кемел Тоқаев сондай-ақ мақаласында сөздерді аударғанда шұбалаңқы емес, мейлінше шақтап, жинақы етудің қажеттігін мына сөйлемінде айтып өтеді: «Әйткенмен, қандай бір терминді болса да қабылдаған кезде ең алдымен оның қолдануға ыңғайлы жағын қарастырған жөн. Мысалы, «сотталғандығын жою», «сотталғандықтан арылу» деп жатқандықтан гөрі «соттылығын жою», «соттылығынан арылу» деп айту әлдеқайда ықшамды әрі орыс тіліндегі мағынасына дәл келер еді» [7]. Яғни, біз бұл жерде де автордың жоғарыда тоқталған очерктерінен байқаған нақтылықты, айқындылықты, қысқа да нұсқалықты, мазмұндылықты ұнататын өзіндік стиліне куә боламыз.

Терминжасамда жиі ұшырасатын тағы бір жайт – термин сөздердің жиі өзгеріп отыруы. Бұл жөнінде автор: «Тегінде бұрын қолданылып, әбден сіңісіп кеткен терминдерді қайта-қайта өзгерте берудің пайдасы жоқ. Мәселен, «родильный дом» деген тіркесті «әйелдер босанатын үй», «дом малютки» деген сөздерді «бөбектер үйі» деп жазып жүрген едік. Терминкомның соңғы мәжілісінде алғашқысын «босану үйі», соңғысын «бөбек үйі» деп алған. Мұндай пікірді жақтаушылар көбіне қазақ сөзін көпше түрінде емес, жекеше түрінде алған дұрыс деп түсіндіреді. Ал сонда Алматының қыздар педагогикалық институтын «Қыз педагогтық институты» дейміз бе?» [7] деп орынды сұрақ қояды. Әйтсе де, заманның ауысып, ғылымның жаңа деңгейге көтерілуі тек адамға, қоғамға ғана емес, соның ішінде тілдің де трансформациялануына өз ықпалын тигізеді. Бұлай дейтін себебіміз – жоғарыдағы мекеме атаулары қазіргі кезде «перзентхана», «балалар үйі» деп аталады және бұдан өзге де мысалдар жеткілікті. Демек, жылдар жылжып, лексиконымыз жаңа сөздермен байыған сайын бекітілген термин сөздеріміз тұрақтылығын жоғалтып, түрлене беруі әбден мүмкін екен. Кемел Тоқаев «Заң терминдері хақында» мақаласында термин сөздерді аударуда дәл мағыналылық пен жүйеліліктің, тиянақтылық пен сөзжасам заңдылықтарының сақталуын қадағалап, халқымыздың қазынасы, ұлтымыздың жаны саналар тіл тағдырын ел тағдыры деп түсініп, ана тіліміздің абыройына нұқсан келмеуіне атсалысуымыз керек дегенді айтады.

Баланың тәрбиесі мен болашағына, тұлға болып қалыптасуына отбасы, ортасынан да басқа ықпал етуші бірден-бір фактор – бұқаралық ақпарат құралдары. Балалар басылымы – кішкентай бүлдіршінге ағартушылық бағытта білім-ғылымға бағыт сілтеп, мәдени-рухани санасын қалыптастырады, таным көкжиегін кеңейтіп, ой бөлісер сырлас досына айналады. Осындай басылымдардың бірі Кемел Тоқаев редакторлық еткен «Қазақстан пионері» газеті болатын. Бұл баспасөз органы балаларды адамгершілікке, адалдыққа, еңбексүйгіштікке баулып, балалықтан даналық жолға жетеледі. Кемел Тоқаев «Қазақстан пионері» газетінің шыққанына 25 жыл толуына орай жариялаған «Пионерлер мен мектеп оқушыларының газеті» атты мақаласында: «Газеттің тұңғыш номерін БЛКЖО Орталық Комитетінің қарары бойынша 1930 жылы Қазақстан өлкелік комсомол комитеті «Пионер» деген атпен шығара бастады. Газет 1937 жылға дейін осы атпен шығып тұрды. Ол 1937 жылдан бастап 1946 жылға дейін «Октябрь балалары», ал 1946 жылдан бастап «Қазақстан пионері» деген атпен оқушы пионерлер арасында таралып келеді. Пионер газетінің ана тілінде тұңғыш шығуы сол кездегі қазақ балалары өміріндегі зор оқиға болды» [9],- деп жазды. Сол кезеңдегі балаларға

арналған жалғыз газеттің қазақ тілінде жарық көруінің зор оқиға болуы түсінікті де еді. Ол кезде Қазақстанда басылымдардың басым көпшілігі орыс тілінде шығып, сол тілде ақпарат тарататын. Автордың «Қазақстан пионері» газеті өткен 25 жыл ішінде пионерлер мен мектеп оқушыларын жан-жақты білім алуға, саналы және қиыншылықтан қорықпайтын, қайта оны жеңе білетін, коммунизмнің белсенді құрылысшылары етіп тәрбиелеуде үлкен роль атқарды. Мектептің тәжірибе участогінде мол өнім алған, колхоз фермаларына барып қолғабыс тигізген звенолар мен отрядтардың үлгілі істері жөнінде мақала, хабар беріліп отырды. Үлкендерге қолғабыс жасау, көмек көрсету оқушы пионерлердің дәстүріне айналған» [9],- деген сөзінен партия жұмысының алға басуына, ел экономикасын көтеруге тек ересектер ғана емес, жас пионерлер де шама-шарқынша пайдасын тигізгенін пайымдай аламыз. Газет тыңда жұмыс жасаған жоғары сынып оқушылары жайында очерктер жазып, фотосуреттерін басып, балалардың басылымға деген қызығушылығы мен құлшынысын одан әрі арттыра түскен. Автордың жазуынша, тек ағартушылық бағытты ғана емес, үлкендердің еңбегін үлгі етіп, балаларға табандылықты, бейнеткештікті, батылдықты насихаттаған басылымның редакциясына жас тілшілерден, әртүрлі ақыл-кеңес сұраған ата-аналардан үш ай ішінде 4 мыңнан астам хат түскен екен. Бұдан біз оқырманның газетке деген ынтасы мен сенімін, сүйіспеншілігі мен риясыз көңілін көре аламыз.

Сондай-ақ Кемел Тоқаев бұл мақаласында редакция жұмысының, газеттің кемшін тұстарын да бүркеп қалмайды. Тың және тынайған жерлердегі жаңадан ашылған мектеп өмірін, ондағы пионерлердің игі істерін жеткілікті дәрежеде жаза алмай отырғандарын және де балаларға арналған өлең-жырлардың, оқушыларға арналған пьесалардың жоқтығын, шыққанына ширек ғасырдай уақыт өтсе де, газеттің бір-ақ түспен басылып келе жатқандығын, полиграфиялық және техникалық мүмкіндіктердің кемдігі қолбайлау болып тұрғанын қынжыла жазады. Десе де, аталған мәселелердің шешімін табатынына илана отырып, бұл газеттің балалар үшін орны ерекше екендігін әрі кейін де солай болып қала бермек деген ой айтады.

Араға жылдар салып, редактордың үкілі үміті ақталды. Ғасырға жуық тарихы бар бұл басылым бүгінде «Ұлан» деген атаумен жарық көріп келеді. Газеттің айшықты айдарлары – «Күншуақ» – балаларды жақсылық жасауға, «Білім елінде» – ғылым тілін игеруге, «IT және инновация» – жаңа технологияны жетік меңгеруге, «Ата-ана бұрышы» – ата-аналар мен мұғалімдерге түрлі кеңес беруге, «Кәсіп түбі – нәсіп» – кәсіпкерліктің қыр-сырын үйретуге, «Кім болам?» – болашақ мамандыққа бағыт-бағдар беруге шақырады. «Ұлан» газеті – ұрпақтың ұлт тұтқасын ұстайтын ұшқыр ойлы азамат болуы жолындағы қызметін қалтқысыз атқарып келеді. Сөзімізді тұздықтау үшін танымал жазушы, драматург Дулат Исабековтің газеттің 85 жылдық мерейтойында айтқан мына құттықтау сөзін мысалға келтіргіміз келеді: «Бұл басылым әр кезеңде оқырманның сұранысына ие болып, талай ұрпақты тәрбиелеген басылым. Бүгінгі ақын-жазушылардың ең алғашқы әңгімелері де осы газет беттерінде жарияланып, бүгінде олар классик тұлғаларға айналды» [10].

Иә, тілшінің тірегі – тіл, қаруы – қалам. Кемел Тоқаев мақалаларына қоғамда қордаланған өткір мәселелерді өзек етіп, тіліміздің таза қалпында сақталуын, «бөтен сөзбен былғанбауын» басты назарда ұстады. Сондай-ақ шаруа адамдарының, Еңбек Ерлерінің, Совет Одағы батырларының бейнесі арқылы адалдықты, еңбексүйгіштікті, мейірімділікті, батырлықты, ұйымшылдықты насихаттады. Халықтың көзі, құлағы һәм тілі болған газеттерге басшылық жасап, ұлт баспасөзінің биік деңгейге көтерілуіне зор еңбек сіңірді. Сол кезең балалары ықыласпен оқитын, тәрбиелі, білімді, өнерлі болуға шақыратын, еңбекті сүюге, үлкендерден үлгі алуға үндейтін және де жас жеткіншекке тура жол сілтейтін балалар баспасөзін дамытуға күш-жігерін жұмсады. Қан майданның қасіретін көзімен көріп, жанымен сезіп, ажал ортасынан аман оралған Кемел Тоқаев сөз майданына да сүбелі үлесін қосты. Қаламгерлік қарымымен қазақ әдебиеті мен журналистикасында өзіндік қолтаңбасын қалыптастырды. Сөз басында айтқанымыздай, автор туған әдебиетімізде детективті жеке жанр ретінде орнықтырып, шытырман оқиғалы шығармалардың шын шеберіне айналды. Кемел Тоқаевтың біз қысқаша тоқталып өткен журналистік жұмыстары қандай қаламгердің

де үйренудің баспалдақтарынан өтуі, ізденіс іздерін қалдыруы шығармашылық жолдың өзіндік заңдылығы екенін тағы да таныта түседі.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Қабдолов З. Сөз өнері. - Алматы: - Санат, 2002.
2. Нұртазин Т. Жазушы және өмір. - Алматы: - Жазушы, 1990.
3. Тоқаев К. Жаңа аудан жерінде. [Мәтін]: [Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының мәдениеті мен экономикасының дамуы жайында] / Кемел Тоқаев // Қазақ әдебиеті, 1966. – 17 июнь.
4. Тоқаев К. Сапар сәтсіздігі. [Мәтін]: [очерк жазудағы тәжірибелерінен] / Кемел Тоқаев // Социалистік Қазақстан, 1958. – 31 июль.
5. <https://termincom.kz/articles/?id=119>
6. Байтұрсынов А. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1989. –141-б.
7. Тоқаев К. Заң терминдері хақында. [Мәтін]: [тіл мәдениеті мәселесі] / Кемел Тоқаев // Қазақ әдебиеті, 1968. – 14 декабрь.
8. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. – Алматы: Сардар, 2014.
9. Тоқаев К. Пионерлер мен мектеп оқушыларының газеті [Мәтін]: [«Қазақстан пионері» газетінің шыға бастағанына 25 жыл толуына орай] / Кемел Тоқаев // Социалистік Қазақстан, 1955. – 16 апрель
10. <https://almaty-akshamy.kz/balalardy-bas-basy-ly-mdary/>